1. Көрсеткіштуралыақпарат	
Мақсат	Халықты сенімді электрмен жабдықтау мен қамтамасыз ету
Міндет	Сенімді энергиямен жабдықтауға жалпыға бірдей қолжетімділікті қамтамасыз ету
Көрсеткіш	Өңірлердің үздіксіз электрмен жабдықтау қажеттіліктерін қамтамасыз ету
2. Ұйымтуралыақпарат	
Ұйымдастыру	Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігі, «KEGOC» АҚ
3. Анықтамалар мен ұғымдар	
Анықтама	Көрсеткіш электр энергиясының көтерме сауда нарығы субъектілерінің электр энергиясын өндіру мен тұтыну көлемінің пайыздық қатынасы ретінде айқындалады.
Негізгі түсініктер:	Жүйелік оператор – орталықтандырылған оралымды-диспетчерлік басқаруды, басқа мемлекеттердің энергия жүйелерімен қатарлас жұмыс істеуді қамтамасыз етуді, энергия жүйесіндегі теңгерімді ұстап тұруды, жүйелік қызметтер көрсетуді және электр энергиясының көтерме сауда нарығы субъектілерінен қосалқы көрсетілетін қызметтерді сатып алуды, сондай-ақ электр энергиясын ұлттық электр желісі бойынша беруді, оған техникалық қызмет көрсетуді және оны пайдалану әзірлігінде ұстап тұруды жүзеге асыратын ұлттық компания. Қазақстан Республикасының біртұтас электр энергетикалық жүйесі – Қазақстан Республикасының тұтынушыларын сенімді және сапалы энергиямен жабдықтауды қамтамасыз ететін электр станцияларының, электр беру желілері мен шағын станциялардың жиынтығы. Электр энергиясының көтерме сауда нарығының субъектілері – энергия өндіруші, энергия беруші, энергия мен жабдықтаушы ұйымдар, электр энергиясын тұтынушылар, жүйелік оператор, орталықтандырылған сауда нарығының операторы, жаңартылатын энергия көздерін қолдау жөніндегі қаржы-есеп айырысу орталығы.
Негіздеу және түсіндіру	-
4. Мәліметтер көздері және жинау әдістері	
Деректер көздері	«KEGOC» АҚ жүйелік операторының деректері

Мәліметтерді жинау әдістері	Қазақстан Республикасының электр энергиясының көтерме сауда нарығы субъектілерінен алынған деректер негізінде «KEGOC» АҚ электр энергиясының көтерме сауда нарығы субъектілерінің электр энергиясын өндіру және тұтыну көлемін анықтайды. Жыл сайын 28 ақпаннан кешіктірмей жоғарыда көрсетілген деректер электр энергетикасы саласындағы уәкілетті органға (ҚР Энергетика министрлігі) жіберіледі.
Өлшем бірлігі	Пайыз
Мерзімділігі	Өткен кезеңдегі/жылдағы кестелік теңгерім алдағы жылдың 20 қаңтарына дейін қалыптасады. Осылайша, өткен Кезең/Жыл есебі алдағы жылдың 25 қаңтарына дейін ұсынылатын болады..
5. Есептеу әдісі және басқа да әдістемелік ойлар	
Есептеу әдісі:	Қазақстан Республикасының электр энергиясының көтерме сауда нарығы субъектілерінен алынған деректер негізінде «KEGOC» АҚ электр энергиясының көтерме сауда нарығы субъектілерінің электр энергиясын өндіру және тұтыну көлемін айқындайды және ҚР Энергетика министрлігіне жібереді. Көрсеткіш электр энергиясының көтерме сауда нарығы субъектілерінің электр энергиясын өндіру көлемінің және электр энергиясының көтерме сауда нарығы субъектілерінің электр энергиясын тұтыну көлемінің пайызды қара қатынасы ретінде айқындалады. 100 және одан да көп процентке тең қатынас мәні кезінде көрсеткіш 100 процентке тең болып белгіленеді.
Пікірлер мен шектеулер:	«KEGOC» АҚ электр энергиясының көтерме сауда нарығы субъектілерінің электр энергиясын тұтынуы бойынша деректері бар.
6. Деректердің қол жетімділігі және бөлінуі	
Деректердің қолжетімділігі және олқылықтар:	-
Бөлу деңгейі:	Қазақстан Республикасы
7.Халықаралық деректермен / стандарттармен салыстыру	-
8. Сілтемелер мен құжаттама	-